



**ALTYNSARIN
AKADEMIASY**

Білім алушылардың білім жетістіктері мониторингіне қатысқан орта білім беру ұйымдары үшін әдістемелік ұсынымдар

(Ақтөбе облысы)



Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



Білім алушылардың білім жетістіктері мониторингіне қатысқан
орта білім беру ұйымдарына арналған әдістемелік ұсынымдар
(Ақтөбе облысы)

*Әдістемелік ұсынымдар Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Ғылыми-әдістемелік кеңесінде талқыланды және баспаға ұсынылды (2022 жылғы 15
қараша, № 12-хаттама)*

Орта білім беру ұйымдарына – білім алушылардың білім жетістіктерін бақылауға қатысушыларға арналған әдістемелік ұсынымдар әрбір аудан/қала жағдайында ББЖМ-2022 нәтижелерін талдауды, сондай-ақ білім беру ұйымдарының педагогтері мен әкімшілігіне арналған әдістемелік ұсынымдарды қамтиды.

Мазмұны

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ	7
КІРІСПЕ	8
1-ТАРАУ. ӨҢІРДЕГІ 4-СЫНЫПТАР БОЙЫНША ББЖМ НӘТИЖЕЛЕРІ	Ошибка! Закладка не определена.
1.1. НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР	9
1.2. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ	14
1.3. МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	22
1.4. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫ	33
2-ТАРАУ. ӨҢІРДЕГІ 9-СЫНЫПТАР БОЙЫНША ББЖМ НӘТИЖЕЛЕРІ	43
2.1. НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР	43
2.2. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ	47
2.3. МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	55
2.4. ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ҒЫЛЫМИ САУАТТЫЛЫҒЫ	66
ҚОРЫТЫНДЫ	90
ҰСЫНЫМДАР	91
ҚОСЫМША	96

Суреттер

1-сурет. Ақтөбе облысының ББЖМ-ға қатысушы 4-сынып оқушылары жинаған балл бойынша көрсеткіш, %.....	9
2-сурет. Аудан/қала бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл.....	10
3-сурет. Тестілеу бағыты бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, орындалуы.....	10
4-сурет. Аудан/қала және оқыту тілі бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	11
5-сурет. Тестілеу бағыттары, бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, оқыту тілі, балл.....	11
6-сурет. Мектеп түрлері бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	12
7-сурет. Мектеп түрлері және оқыту тілі бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	13
8-сурет. Тестілеу бағыттары бойынша мектеп түрлері бөлінісіндегі ББЖМ-2022, 4-сынып нәтижелері, балл.....	13
9-сурет. Оқу сауаттылығы бойынша ББЖМ-2022, 4-сынып нәтижелері, орындалу %-ы.....	14
10-сурет. Оқу сауаттылығы бағыты бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022, балл.....	15
11-сурет. Оқу сауаттылығы бағыты бойынша ауыл/қала және оқыту тілі бөлінісіндегі ББЖМ-2022, балл.....	16
12-сурет. Оқу сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың мектептердің орналасқан жері бөлінісіндегі үлесі, %.....	19
13-сурет. Оқу сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың оқыту тілі бөлінісіндегі үлесі, %.....	20
14-сурет. Оқу сауаттылығы бағытында орындалған тапсырмалардың қиындық деңгейлері бойынша аудан/қала бөлінісіндегі үлесі, %.....	21
15-сурет. Математикалық сауаттылық бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, орындалу %-ы.....	22
16-сурет. Математикалық сауаттылық бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	23
17-сурет. Аудан/қала және оқыту тілі бөлінісінде математикалық сауаттылық бойынша ББЖМ-2022, балл.....	23
18-сурет. Математикалық сауаттылықтан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың оқыту тілі бөлінісіндегі үлесі, %.....	28
19-сурет. Математикалық сауаттылықтан қиындық деңгейлері бойынша мектептердің орналасу бөлінісіндегі сәтті орындалған тапсырмалардың үлесі, %.....	28
20-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, орындалу %-ы.....	33
21-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	34
22-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша аудан/қала және оқыту тілі бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	35
23-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығынан оқыту тілі бөлінісіндегі қиындық деңгейлері бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, балл, %.....	39
24-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың мектептердің орналасқан жері бөлінісіндегі үлесі, %.....	39
25-сурет. Ақтөбе облысы 9-сыныптардың ББЖМ қатысушыларын жинақтаған балл бойынша бөлу, %.....	43
26-сурет. Аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 9-сынып, балл.....	44
27-сурет. ББЖМ-2022 нәтижелері, аудан/қала және оқыту тілі бөлінісінде, балл.....	44
28-сурет. Мектеп түрлері бойынша ББЖМ-2022 қорытындылары, 9-сынып, балл.....	46
29-сурет. Оқу сауаттылығы бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, облыс/қала бөлінісінде, 9-сынып, балл.....	47
30-сурет. Оқу сауаттылығы бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері аудан /қала және оқыту тілі бөлінісінде, 9-сынып, балл.....	48
31-сурет. Оқу сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша мектептердің орналасқан жері бөлінісіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, %.....	52
32-сурет. Оқу сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша оқыту тілі бөлінісіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, %.....	53
33-сурет. Оқу сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша облыс/қала және оқыту тілі бөлінісіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, %.....	53
34-сурет. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	55
35-сурет. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша облыс/қала және оқыту тілі бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	56
36-сурет. Оқыту тілі бөлінісінде қиындық деңгейлері бойынша математикалық сауаттылық бағытында дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, %.....	61
37-сурет. «Математикалық сауаттылық» бағытынан қиындық деңгейлері бойынша мектептердің орналасқан жері бөлінісіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі,%.....	61
38-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бағыты бойынша ББЖМ-2022, 9-сынып нәтижелері, әр пән бойынша тапсырмалардың орындалу %-ы.....	66
39-сурет. «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 9-сынып, балл.....	67
40-сурет. «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 9-сынып, «Биология» пәні, балл.....	67

41-сурет. «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 9-сынып, «Физика» пәні, балл.....	68
42-сурет«Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 9-сынып, «Химия» пәні, балл	68
43-сурет. «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 9-сынып, География пәні, балл.....	69
44-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша аудан/қала және оқыту тілі бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 9-сынып, балл.....	70
45-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың оқыту тілі бөлінісіндегі үлесі, 9-сынып, %	71
46-сурет. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша білім беру ұйымдарының орналасқан жері бөлінісіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, %,	71

Кестелер

1-кесте. Оқу мақсаттарына сәйкес оқу сауаттылығы бойынша ББЖМ 4-сынып тапсырмаларының тақырыптары.....	18
2-кесте. Математикалық сауаттылық бағыты бойынша оқу мақсаттарына сәйкес тақырыптар, 4-сынып.....	25
3-кесте. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша базалық қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %.....	30
4-кесте «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша орташа қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %.....	31
5-кесте. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша жоғары қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %.....	32
6 -кесте. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық бағыты бойынша оқу мақсаттарына сәйкес тақырыптар, 4-сынып.....	36
7-кесте. «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша базалық қиындық деңгейінде дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %.....	40
8-кесте. «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша орташа қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %.....	41
9-кесте. «Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы» бағыты бойынша орташа қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %.....	42
10-кесте. Тестілеу бағыттары бойынша аудан/қала және оқыту тілі бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, балл.....	45
11-кесте. Оқу мақсатына сәйкес оқу сауаттылығы бойынша ББЖМ, 9-сынып тапсырмаларының тақырыптары.....	48
12-кесте Оқыту мақсатына сәйкес математикалық сауаттылық бойынша ББЖМ тапсырмаларының тақырыптары, 9-сынып.....	56
13 -кесте. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша базалық қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың үлес салмағы, 9-сынып, %.....	62
14 -кесте. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша орташа қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың үлес салмағы, 9-сынып, %.....	63
15-кесте. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша күрделілігі жоғары тақырыптар аясындағы дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, 9-сынып, %.....	65
16-кесте. Оқыту мақсатына сәйкес жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша ББЖМ тапсырмаларының тақырыптары, «Физика», 9-сынып.....	72
17-кесте. Базалық, орташа, жоғары қиындық деңгейлері бойынша «Физика» пәнінен дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, 9-сынып, %.....	75
18-кесте. Оқыту мақсатына сәйкес жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша ББЖМ, 9-сынып тапсырмаларының тақырыптары, «Химия».....	77
19-кесте. Базалық, орташа, жоғары қиындық деңгейлері бойынша «Химия» пәнінен дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, 9-сынып, %.....	80
20-кесте. Оқыту мақсатына сәйкес жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша ББЖМ, 9-сынып тапсырмаларының тақырыптары, «Биология».....	82
21-кесте. Базалық, орташа, жоғары қиындық деңгейлері бойынша «Биология» пәнінен дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, 9-сынып, %.....	84
22-кесте. Оқыту мақсатына сәйкес жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша ББЖМ, 9-сынып тапсырмаларының тақырыптары, «География».....	86
23-кесте. Базалық, орташа, жоғары қиындық деңгейлері бойынша «География» пәнінен дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі, 9-сынып, %.....	88

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

PISA

Programme for International Student Assessment

Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы

ББЖМ

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг

ЖМЦ

Жаратылыстану-математикалық цикл

МЖМББС

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

ҚР

Қазақстан Республикасы

ҰБА

Ұлттық білім академиясы

КІРІСПЕ

Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ) білім беру ұйымдарынан тәуелсіз білім сапасының жүйелі бақылауы болып табылады.

Мониторинг электронды форматта орта білім беру ұйымдарының базасында 4 және 9-сыныптарда оқу, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығын кешенді тестілеу форматында жүзеге асырылады.

ББЖМ орта білім беру ұйымдары оқушыларының білім сапасын МЖМББС сәйкестігін бағалауға, білім алушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтауға, білім беру процесінің барлық қатысушыларына әдістемелік қолдау көрсетуге бағытталған. ББЖМ мемлекеттік бақылау нысаны болып табылмайды және білім алушылар үшін де, білім беру ұйымдары үшін де ешқандай құқықтық салдары болмайды.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг нәтижелерін талдау «Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 204 бұйрығының 29-тармағына сәйкес Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен жүргізілді.

Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА-нда ББЖМ қорытындысы бойынша аналитикалық есеп пен білім алушылардың білім жетістіктері мониторингіне қатысқан орта білім беру ұйымдары үшін әдістемелік ұсынымдар (әр өңір бойынша) әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар ББЖМ тест тапсырмаларын орындау тиімділігіне терең талдау жүргізуге, тестілеуге қатысқан әрбір аудан/қала бөлінісінде оқушылардың оқу әрекетінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға арналған. Нәтижелер аумақтық тиістілігіне (қала-ауыл), оқыту тіліне (қазақ және орыс тілдері), білім беру ұйымдарының түрі және басқа да оқушылардың оқу жетістіктеріне әсер ететін факторларды ескере отырып талданады.

Алынған нәтижелерді орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие үдерісін жақсарту мақсатында пайдалану ұсынылады.


1-ТАРАУ. ӨҢІРДЕГІ 4-СЫНЫПТАР БОЙЫНША ББЖМ НӘТИЖЕЛЕРІ

1.1. НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

Тестілеуге Ақтөбе облысының 85 мектебінен барлығы 3 203 оқушы қатысты. Облыс бойынша 4-сынып оқушылары арасында ББЖМ-2022 жалпы орташа баллы максималды 30 балдан **21,01 балды** құрады. Бұл көрсеткіш республикалық көрсеткіштен 0,11 балға төмен (ҚР – 20,9).

Облыстың 4-сынып оқушылары дайындықтың орташа деңгейін көрсетті: 3203 қатысушының жартысынан көбі тест тапсырмаларының 70%-дан астамын орындады (21 балл және одан жоғары), оқушылардың 40%-дан астамы 11-20 балл аралығында жинады. Тапсырмаларды орындаудағы табыстың 33%-дан аспайтыны (0-10 балл) 66 қатысушыда тіркелді (1-сурет).

1-сурет. Ақтөбе облысының ББЖМ-ға қатысушы 4-сынып оқушылары жинаған балл бойынша көрсеткіш, %




Дереккөз: ҰТО деректері

Өңір бойынша орташа көрсеткіштен жоғары нәтижелерді (21,01 балл) 8 аудан көрсетті, оның ішінде ең жоғары – Ырғыз (23,24 балл) және Мартөк аудандарында тіркелді (22,71 балл).

Облыс бойынша орташа нәтижеден ең төменгі көрсеткіш Темір ауданында (-2,4 балл) байқалады.

Аудан/қала бойынша ең жоғары және ең төмен нәтижелер арасындағы алшақтық 4,63 баллды құрайды, бұл өңірдегі білім беру нәтижелерінің қаншалықты кең екенін көрсетеді (2-сурет).

2-сурет. Аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

Тестілеудің үш бағытының ішінде оқу сауаттылығы (10 баллдан 7,15 балл) және математикалық сауаттылық (12 баллдан 8,43 балл) тапсырмалар барынша дұрыс орындалды. Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша төменгі нәтиже көрсетілді (8 баллдан 5,43 балл) (3-сурет).

3-сурет. Тестілеу бағыты бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, %




Дереккөз: ҰТО деректері

Оқыту тілі

Ақтөбе облысында қазақ тілінде және орыс тілінде білім алушылардың нәтижелері ұқсас (сәйкесінше 20,98 және 21,11 балл) болды. 11 ауданда/қалада қазақ тілінде оқитын оқушылар жоғары нәтиже көрсетті.

Аудан/қала бөлінісінде оқыту тілдері бойынша ең үлкен алшақтық Шалқар ауданында байқалады: мұнда қазақ тілінде оқитын 4-сынып оқушылары орыс тілінде оқитын құрдастарына қарағанда 3,07 балға аз жинады. Алға ауданында кері жағдай байқалады (қазақ тілінде оқитын оқушылар +2,63 балл көп жинады) (4-сурет).


4-сурет. Аудан/қала бойынша және оқыту тілі бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

Тестілеудің үш бағыты бойынша білім алушылар көрсеткіштерінің оқыту тілі бөлінісіндегі алшақтық статистикасы аз ғана. Мәселен, қазақ тілінде оқитын төртінші сынып оқушыларының оқу және математикалық сауаттылық бойынша орташа балл көрсеткіші орыс тілінде оқитын оқушылардың көрсеткішінен сәл басымырақ түседі (сәйкесінше 0,12 және 0,01 балл). Дегенмен, жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша алшақтық анағұрлым төмен және 0,28 балл құрайды (5-сурет).

5-сурет. Тестілеу бағыттары, оқыту тілі бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

Білім беру ұйымдарының орналасқан жері

Қазақстан Республикасында білім алушылардың ББЖМ-2022 нәтижелері бойынша «қала-ауыл» бөлінісіндегі жетістіктерінде алшақтық байқалмайды. Алайда, бірқатар өңірде, соның ішінде Ақтөбе облысында ауыл мектептерінің 4-сынып оқушылары қала мектептерінде оқитын құрдастарына қарағанда жоғары нәтиже көрсетті (сәйкесінше 21,15 және 20,96 балл, алшақтық – 0,19 балл).


Өңіраралық көрсеткіштер бойынша Ақтөбе облысындағы ауыл мектептерінің оқушылары Түркістан, Батыс Қазақстан, Атырау облыстардағы қала мектептерінде оқитын құрдастарына қарағанда анағұрлым жоғары нәтиже көрсетті. Алшақтық 1,78-2,49 балл шегінде ауытқиды.

Білім беру ұйымының түрі

ББЖМ-2022-ге Ақтөбе облысындағы 71 жалпы білім беретін мектептен 2 606 оқушы, 9 гимназия мен мектеп-гимназиядан 375 оқушы, 5 лицей мен мектеп-лицейден 222 оқушы қатысты¹.

ББЖМ нәтижелеріне сәйкес үш түрлі білім беру ұйымдарының 4-сыныптары арасында ұқсас нәтижелер көрсетілді. Алайда, өңірдегі жалпы білім беретін мектептердің орташа баллы пәндер бойынша тереңдетіп даярлауды қамтамасыз ететін мектептердің көрсеткішінен (лицейлер, мектеп-лицейлерден 1,15 баллға, гимназиялар мен мектеп-гимназиялардан 0,28 баллға) төмен (6-сурет).

6-сурет. Мектеп түрлері бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл




Дереккөз: ҰТО деректері

¹ Осы әдістемелік ұсынымдарда ББЖМ-ға қатысушы мектептер мектеп түрлері бойынша келісідей бөлінеді: белгілі бір пәндер бойынша тереңдетілген даярлығы бар жалпы білім беретін мектептер (лицейлер, мектеп-лицейлер, гимназиялар, мектеп-гимназиялар) және белгілі бір пәндер бойынша тереңдетілген даярлығы жоқ жалпы білім беретін мектептер (жалпы білім беретін мектептер)

Жалпы білім беретін мектептерде, гимназияларда және мектеп-гимназияларда қазақ тілінде оқитын оқушылар орташа балл мәндерінен шамалы асқан (гимназиялар мен мектеп-гимназиялар – 0,24 баллға, жалпы білім беретін мектептер 0,29 баллға). Лицейлер мен мектеп-лицейлер арасында кері жағдай байқалады, мұндағы орыс тілінде білім алушылар тест тапсырмаларын жақсы орындады (2,85 баллға) (7-сурет).


7-сурет. Мектеп түрлері және оқыту тілі бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

Ақтөбе облысында оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша жалпы білім беретін мектептердің төртінші сынып оқушылары мектеп-лицейлерде, лицейлерде, мектеп-гимназияларда және гимназияларда оқитын құрдастарына қарағанда төменгі орташа балл жинады. Айырмашылық елеулі болмаса да, бұл нәтижелер өңірдегі жалпы білім беретін мектептерде білім беру сапасын арттыру қажеттігін көрсетеді (8-сурет).

8-сурет. Тестілеу бағыттары бойынша мектеп түрлері бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

1.2. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ

PISA-2018 бойынша оқу сауаттылығы – мәтіндерді түсіну, пайдалану, бағалау, ой елегінен өткізу және олармен жұмыс жасау қабілеттері арқылы адамның біліміне, әлеуетіне және қоғамға араласуына, өз мақсаттарына жетуіне ықпал етеді (ЭЫДҰ, 2019). ББЖМ аясында осы бағыттағы тест тапсырмасы оқушылардың оқу әрекеті процесінде функционалдық сауаттылық деңгейін бағалау болып табылады. Мониторингке қатысушылардан мәтінді оқу және түсіну, мәтіндегі ақпаратты талдау, жалпылау, біріктіру және түсіндіре білу талап етілді.

Тестілеудің үш бағыты бойынша Ақтөбе облысының білім алушылары оқу сауаттылығы бойынша тапсырмаларды жоғары деңгейде орындады (10 баллдан 7,15 балл), бұл тест тапсырмаларын орындаудың 71,5% - на сәйкес келеді (9-сурет).

9-сурет. Оқу сауаттылығы бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, %




Дереккөз: ҰТО деректері

Қатысушылардың көпшілігі оқу тіліне қарамастан, тест сұрақтарының 70-90%-ына сәтті жауап берді. Ең жоғары 10 баллды 346 төртінші сынып оқушысы ғана алды, бұл тестілеуге қатысқан Ақтөбе облысының жалпы контингентінің 10,8%-ын құрады. 3 және одан аз балл жинағандардың үлесі 5,3% құрады.

11 аудан/қала ішінде 6-ауының «Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша көрсеткіштері өңірдің орташа баллынан асады, ең жоғары нәтиже Шалқар ауданында байқалады (7,81 балл). Ең төменгі көрсеткіштер Хромтау (6,72 балл) және Темір аудандарында (6,31 балл) тіркелді (10-сурет).

10-сурет. Оқу сауаттылығы бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

Оқыту тілі


«Оқыту тілі» факторы тұрғысынан «Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша орташа балл іс жүзінде тең: қазақ тілінде оқитындар – 7,18 балл, орыс тілінде – 7,06 балл.

Қазақ тілінде және орыс тілінде білім алушылар арасында Шалқар, Әйтеке би және Мәртөк аудандары ең жоғары нәтиже көрсетті. Темір ауданында қазақ тілінде және орыс тілінде оқитын оқушылар арасындағы ең төменгі көрсеткіш тіркелді.

Қазақ тілінде білім алушылар арасында ең жоғары көрсеткіш (Әйтеке би ауданы) және ең төменгі көрсеткіш (Темір ауданы) арасындағы алшақтық 1,21 баллды құрады. Орыс тілінде оқитын білім алушылар арасында айырмашылық екі есе дерлік жоғары және 2,89 баллға тең (Шалқар ауданы – 8,72 балл, Темір ауданы – 5,83).

Аудан/қала ішінде оқу тілі бөлінісінде оқу сауаттылығы бойынша орташа баллдың ең үлкен алшақтығы Мұғалжар ауданында байқалды: қазақ тілінде білім алатындар орыс тілінде оқитын құрдастарына қарағанда 1,08 балл көп жинады. Шалқар ауданында керісінше жағдай байқалады (орыс тілінде білім алушылар +1 балл) (11-сурет).

11-сурет. Оқу сауаттылығы бойынша ауыл/қала және оқыту тілі бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

Ең жоғары және ең төмен нәтижелер бөлінісі

Өңірде 8 мектеп «Оқу сауаттылығы» бағыты бойынша ең жоғары мән көрсетті – 8,05-тен 8,59 баллға дейін. Ең жоғары нәтижелер жалпы білім беретін мектептерде тіркелді. Бұл білім беру ұйымдарында тапсырмаларды орындау пайызы 80%-дан асты. Жоғары нәтиже көрсеткен сегіз білім беру ұйымының үшеуі Шалқар ауданына тиесілі.

Оқу сауаттылығы бойынша тест тапсырмаларын орындаудың 60%-дан азын (10 баллдың 6 баллынан аз) өңір бойынша бес білім беру ұйымы ғана көрсетті. Бұл мектептердің орташа баллы 4,74 пен 5,88 аралығында. Аталған мектептердің қатарында жалпы білім беретін және орта мектептер бар. Оның ішінде екі мектеп Темір ауданында, үшеуі Ақтөбе қаласында орналасқан.

Тапсырманың қиындық деңгейлері бойынша жетістіктер

Оқу сауаттылығы бойынша тесттілеу бойынша тест жиынтығы 10 тапсырмадан тұрады – «қолдануға» 3 тапсырма, «талдауға» 5 тапсырма және «синтезге» 2 тапсырма.

Оқу мақсаттарының әрбір деңгейі білім алушылардың келесі дағдыларын анықтауға бағытталған:

«қолдану» - мәтіннен ақпаратты таба алады, оның негізінде мәтін формасы мен тілінің кейбір ерекшеліктерін қолдана отырып қорытынды жасай алады;

«талдау» - мәтіннен айқындалатын және дербестелетін ақпаратты анық оқып біле алады; мәтін формасы мен тілінің кейбір ерекшеліктерін қолдана отырып, оның негізінде қорытынды жасайтын ақпаратты мәтіннен таба алады;

«синтез» - мәтіннің маңызды хабарламаларын түсінеді, мәтінге негізделген өз тұжырымдарын жасай біледі, мәтіннің кейбір тілдік ерекшеліктеріне назар аудара отырып, мәтіннің мазмұны мен формасын бағалай алады .

Тест тапсырмалары үш қиындық деңгейінде ұсынылған: базалық (30% тапсырма), орташа (50% тапсырма) және жоғары (20% тапсырма). Тапсырмалар тестілеуде қиындық деңгейінің көтерілуіне байланысты салыстырмалы қарапайымнан күрделі және күрделірек тапсырмаларға өсу ретімен орналасқан: Қиындық деңгейіне байланысты тапсырмалар төмендегілерге бағытталған:

- ✓ Базалық деңгей - мәтіннен нақты сипатталған бөлшекті табу және шығару (қолдану);

- ✓ Орташа деңгей – халық ауыз әдебиетінің, ертегінің, әңгіменің шағын жанрларындағы шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін айқындау; кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, оның іс-әрекеттерін бағалау; салыстыру, бейнелеу, эпитеттер және олардың рөлі; сюжеттің даму процесіндегі кейіпкердің іс-әрекеттеріндегі, пейзаждағы өзгерістер; көркем шығарманың эпизодын иллюстрациялардағы бейнемен салыстыру (талдау);

- ✓ Жоғары деңгей – мәтіннің тақырыбы мен негізгі идеясын анықтау; мәтіннің әртүрлі бөліктерінде жасырылған маңызды бөлшектерді табу; оқиғалар арасындағы, сезімдер, ниеттер арасындағы байланысты түсіндіруге қажетті деректерді құру; сұраққа дұрыс жауапты анықтау және қорытындылау үшін мәтіндерді талдау; жаңа жағдайдағы әрекеттердің көпшілігін өз бетінше орындау (синтез).

Оқыту мақсаттарына сәйкес тестілеуге барлығы 8 тақырып енгізілген (1-кесте).

1-кесте. Оқу мақсаттарына сәйкес оқу сауаттылығы бойынша ББЖМ тапсырмаларының тақырыптары, 4-сынып

Тақырыптар

- | | |
|------------------------------|-----------------------|
| ✓ «Менің Отаным - Қазақстан» | ✓ «Ғарышқа саяхат» |
| ✓ «Құндылықтар» | ✓ «Мәдени мұра» |
| ✓ «Табиғат құбылыстары» | ✓ «Мамандықтар әлемі» |
| ✓ «Қоршаған ортаны қорғау» | ✓ «Болашаққа саяхат» |

Оқу мақсаттары

- шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау;
- кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау;
- шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу;
- өлең, мысал, нақыл сөз, аңыз, бата, әңгіменің жанрлық ерекшеліктерін анықтау;
- кейіпкердің портретін сипатта, оның іс-әрекеті өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау;
- эпизодтарды салыстыру, сюжеттің дамуындағы өзгерістерді анықтау;
- шығарма мазмұнын түрлі баяндау тәсілдерін қолданып, шығарманы қысқаша, толық, ішінара мазмұндау, толық ішінара мазмұндау;
- шығарманың тақырыбы және қорытынды бөлімі негізінде сюжеттің болуын болжау, оның себебін түсіндіру;
- шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу;
- аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау;
- шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі мен шешімі) анықтау;
- шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану;
- кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекет, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау;
- эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру;
- түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету;
- оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру

Дереккөз: ҰТО деректері


Оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалардың қиындық деңгейлері бойынша тестілеуге қатысушылардың жауаптарын талдау нәтижелері көрсеткендей, дұрыс орындалған тесттердің ең жоғары үлесі базалық қиындық деңгейіндегі тапсырмаларда – 80,1%. Тапсырмалар қиындықтарының орташа және жоғары деңгейлеріне келетін болсақ, мұнда сәтті орындалған тапсырмалардың пайызы 12%-дан төмен (сәйкесінше 68,1% және 66,9%).

Бұл нәтижелер Ақтөбе облысының 4-сынып оқушылары нақты түрде берілген және оңай оқшаулауға болатын ақпаратты мәтіннен табу талап етілетін тапсырмаларды дұрыс орындайтындығын көрсетеді. Бұл ретте олар мәтіннің мазмұнын және оның элементтерін терең түсінуді, бағалауды, талдауды және түсіндіруді, қорытындыларды тұжырымдау және сұраққа

дұрыс жауап беру үшін мәтіннен ақпарат алу қабілетін талап ететін неғұрлым күрделі тапсырмаларды орындауда қиындықтарға тап болады.

Мектептердің орналасқан жері бөлінісінде ауылдық жерлерде білім алушылардың нәтижелері қалада білім алатындардан басым болды: тапсырмалар қиындығының жоғары деңгейі бойынша 1,6%-ға, орта есеппен 0,9%-ға (12-сурет).


12-сурет. Оқу сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың мектептердің орналасқан жері бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %



Дереккөз: ҰТО деректері

Оқыту тілі бөлінісінде қазақ тілінде оқитын төртінші сынып оқушылары орташа (3,4%-ға) және жоғары (4,4%-ға) деңгейдегі тапсырмаларды салыстырмалы түрде неғұрлым жақсы орындаған (13-сурет).

13-сурет. Оқу сауаттылығынан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың оқыту тілі бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %



Дереккөз: ҰТО деректері

Аудан/қала бөлінісінде тест тапсырмаларының орындалуын талдау жоғары деңгейдегі тапсырмалар бойынша ең табысты нәтижелерді Әйтеке би, Мәртөк және Мұғалжар аудандары көрсетті.

Аталған аудандарда жоғары деңгейдегі тапсырмалардың 71%-74% орындалды, бұл төртінші сынып оқушыларының көпшілігінің мәтіннің негізгі идеясын табу, тұжырымдар жасау, оқиғалар арасында байланыс орнату, автордың ұстанымдарын өз түсіндірулерін негіздеу үшін мәтінге сүйену қабілетін көрсетеді.


Шалқар, Байғанин және Әйтеке би аудандарында (74% -78%) ақпаратты талдауға, салыстыруға, жалпылауға бағытталған орташа деңгейдегі орындалған тапсырмалардың ең жоғары пайызы анықталды.

Оқушылардан алған білімдерін практикада жай ғана жаңғыртуды, мәтіннен қажетті ақпаратты табуды және алуды талап ететін базалық күрделілік деңгейіндегі орындалған тест тапсырмаларының ең жоғары үлесі Әйтеке би, Мәртөк және Шалқар аудандарында тіркелген. Мұнда көрсеткіштер 84,8% -85,9% аралығында.

Қиындықтың базалық орташа, жоғары деңгейлері бойынша тест тапсырмаларын орындаудың ең төмен пайызы Темір ауданында тіркелді (сәйкесінше тапсырмалардың 73,3%, 58,1%, 59,7% орындалды). Бұл көрсеткіштер осы ауданның білім алушыларында мәтіндерді мағыналы оқу, олардан қажетті ақпаратты іздеу және алу, сондай-ақ оны қайта өңдеу

(талдау, синтездеу, бағалау және т.б.) дағдыларын дамыту арқылы оқу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін арттырудың маңыздылығын көрсетеді (14-сурет).

14-сурет. Оқу сауаттылығы бағытында орындалған тапсырмалардың қиындық деңгейлері бойынша аудан/қала бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %




Дереккөз: ҰТО деректері

1.3. МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

PISA математикалық сауаттылық туралы білім алушының алған білімін экстраполяциялау және оны мектепте де, одан тыс жерлерде де таныс және бейтаныс жағдайларда қолдану қабілеті ретінде кең түсінік береді. ББЖМ тапсырмалары мониторингке қатысушыдан математикалық білім мен дағдыларды пайдалана отырып ой қорытуды, қорытындыларды негіздеуді және шешім қабылдауды талап етеді.

Тестілеудің бұл бағыты бойынша Ақтөбе облысында тест тапсырмаларын орындау үлесі 70,3% құрады (өңір бойынша орташа балл 12-ден 8,43) (15-сурет).

15-сурет. Математикалық сауаттылық бойынша ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, %



Дереккөз: ҰТО деректері

«Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша Ақтөбе облысынан тестілеуге қатысушылардың 62,7%-ы 8-11 балл жинады. Тест тапсырмаларының 25%-на дейін орындаған білім алушылардың үлесі ең аз және тестілеуге қатысқан жалпы контингенттің 3,1% ғана құрады.

Аудан/қала бөлінісінде Ырғыз (9,59 балл) және Мәртөк (9,18 балл) аудандарының оқушылары тапсырмаларды сәтті орындады. Ең төменгі көрсеткіш Темір ауданында тіркелген (7,39 балл) (16-сурет).

16-сурет. Математикалық сауаттылық бойынша аудан/қала бөлінісіндегі ББЖМ-2022 нәтижелері, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері


Оқыту тілі

Тестілеу нәтижелері бойынша өңірде қазақ және орыс тілдерінде оқитын төртінші сынып оқушыларының жетістіктерінде айырмашылықтардың болмауы анықталды (сәйкесінше 8,43 және 8,42 балл).

Бұл ретте Аудан/қала деңгейінде қазақ тілінде оқитын оқушылар арасындағы алшақтық 2,22 баллды құрады (Ырғыз ауданы – 9,59 балл және Хромтау ауданы – 7,37 балл); орыс тілінде оқитындар арасында – 3,73 балл (Шалқар ауданы – 10,22 балл және Темір ауданы – 6,49 балл).

Аудан/қала ішінде Алға ауданында (қазақ тілінде білім алушылардың пайдасына+1,61 балл) және Шалқар ауданында (орыс тілінде білім алушылардың пайдасына+1,29 балл) оқыту тілі бөлінісінде орташа баллдың ең көп алшақтығы анықталды (17-сурет).

17-сурет. Аудан/қала және оқыту тілі бөлінісінде математикалық сауаттылық бойынша ББЖМ-2022, 4-сынып, балл



Дереккөз: ҰТО деректері

Ең жоғары және ең төмен нәтижелер бөлінісі

Өңір деңгейінде 12 мектепте «Математикалық сауаттылық» бойынша ең жоғары орташа балл жинады. Бұл білім беру ұйымдарында тапсырмаларды орындау пайызы 80%-дан асты, орташа балл көрсеткіштері 9,64-тен 10,3-ке дейін. Олардың қатарында Ақтөбе қаласы мен Әйтеке би ауданына тиесілі үш мектептен бар.

Математикалық сауаттылық бойынша тест тапсырмаларын орындаудың 50%-дан азы (ең жоғары 12 баллдан 6 баллға дейін) өңір бойынша 3 білім беру ұйымы көрсетті. Бұл тізімге жалпы білім беретін және орта мектептер кірді. Ең төменгі орташа балл Темір ауданында тіркелді – 5,58 балл.

Тапсырманың қиындық деңгейлері бойынша жетістіктер

Математикалық сауаттылық бойынша тестілеу 12 тест тапсырмасынан тұрады, оның ішінде 4 тест тапсырмасы негізгі математикалық құзыреттілікті тексеруге, 6 – негізгі білім мен дағдыларды жаңғыртуға, математикалық модельдерді түсіндіруге, 2 – математикалық білім мен дағдыларды басқа пәндерді игеруде және күнделікті өмірде қолдану қабілетін тексеруге бағытталған.

Тест тапсырмалары үш қиындық деңгейінде ұсынылған: базалық (30% тапсырмалар), орташа (50%) және жоғары (20%). Олар білім алушылардың келесі дағдыларын анықтауға бағытталған:

✓ Базалық деңгей – қарапайым білім мен дағдыларды жаңғырту, стандартты жағдайларда қарапайым үлгілер мен идеяларды тану, қарапайым мәтіндердің мағынасын түсіну және қарапайым әрекеттерді орындауға

қажетті деректерді анықтау, стандартты жағдайларда белгілі бір нұсқаулардың көмегімен қарапайым әрекеттерді орындау;

✓ Орта деңгей – негізгі білім мен дағдыларды дұрыс жаңғырту, жаңа жағдайларда қарапайым үлгілер мен идеяларды тану, жалпы мәтіндердің мағынасын түсіну және әрекеттерді орындау үшін қажетті деректерді анықтау, жаңа жағдайларда белгілі бір нұсқаулардың көмегімен көптеген әрекеттерді орындау;

✓ Жоғары деңгей – күрделі білім мен дағдыларды қолдану, күрделі модельдер мен ойларды жаңа жағдаяттарда қолдану, қарапайым мәтіндердің мәнін түсіну және іс-әрекеттерді орындай білу, жаңа жағдаяттарда көрсетілген нұсқаулар көмегімен қарапайым іс-әрекеттерді орындау, екі немесе одан да көп кезеңдерден тұратын тұжырымдар жасау.

Жалпы алғанда, математикалық сауаттылық бойынша тестілеу оқу мақсатына сәйкес 12 тақырыптан тұрады (2-кесте).

2-кесте. Математикалық сауаттылық бағыты бойынша оқу мақсаттарына сәйкес тақырыптар, 4-сынып

№	Тақырып	Оқу мақсаттары
1	«Көп таңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау»	- Көптаңбалы сандарды оқу, жазу және салыстыру/сандарды берілген разрядқа дейін деңгелектеу; - көп мәнді сандардың разрядтық және класстық құрамын және разряд бірліктерінің жалпы санын анықтау, разрядтық қосылғыштарға жіктеу; - санаудың ірі бөлігі – миллионды құрастыру, жүз миллион көлемінде санаңыз, жазып алыңыз, салыстырыңыз;
2	«Сандарды қосу және азайту»	көптаңбалы сандарды жазбаша қосу және азайту алгоритмдерін қолдану;
3	«Сандарды көбейту және бөлу»	10, 100, 1000-ға қалдықсыз және қалдықпен бөлуді орындау; - екі/үш таңбалы сандарды бір таңбалы санға ауызша көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану; - көптаңбалы сандарды бір таңбалы, екі таңбалы, үш таңбалы сандарға қалдықпен бөлуді орындау; - үш таңбалы санға сандарды көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану; - нөлмен аяқталатын көптаңбалы сандарды үш таңбалы санға сандарды көбейту және бөлу алгоритмдерін қолдану; - бөлімде нөлдер болған кезде көптаңбалы сандарды бір/екі/үш таңбалы сандарға бөлу алгоритмдерін және көбейтудің кері әрекетінің алгоритмдерін қолдану
4	«Амалдардың орындалу тәртібі»	- төрт амалды жақшалы және жақшасыз өрнектерде арифметикалық амалдардың орындалу тәртібін анықтау, олардың мәнін табу; - әрекеттер ретін анықтау және төрт арифметикалық амалдан тұратын жақшалы және жақшасыз өрнектердің мәндерін табу;
5	«Сандар және әріп өрнектер»	- айнымалылардың берілген мәндері үшін екі айнымалысы бар өрнектің мәнін табу; - құрамында 3 арифметикалық амалдан тұратын санды өрнектерді салыстыру; - сандық және әріптік өрнектерді түрлендіру; - айнымалылардың мәндері берілген бірнеше айнымалысы бар өрнектің мәнін табу;
6	«Теңдік пен теңсіздік. Теңдеулер»	- қарапайым теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу; - сандарды көбейту және бөлу амалдарын қамтитын қарапайым теңдеулерді, $x \cdot (25: 5) = 60$, $(24 \cdot 3)$ түріндегі күрделі құрылымның теңдеулерін шешу: $x = 6$, $x: (17 \cdot 2) = 2$, $k + 124: 4 = 465$; - қосарланған теңсіздіктердің шешімдер жиынын табу;

- 7 «Шамалар және өлшем бірліктері»
- түріндегі теңдеулерді шеш: $39 + 490 : k = 46, 230 \cdot a + 40 = 1000:2$
 - әр түрлі сағат түрлері бойынша уақытты анықтау: сағат, минут, секунд;
 - 1000 теңгелік, 2000 теңгелік, 5000 теңгелік банкноттарды ажырату және олармен әртүрлі операцияларды орындау;
 - ұзындық (мм, см, дм, м, км) / масса (мг, г, кг, ц, т) / көлем (сыйымдылық) (л, мм³, см³, дм³, м³) / аудан (см², дм², м², ар, га) / уақыт (с, мин, сағ, тәул.) шамалар мәндерін салыстыру және шама мәндеріне арифметикалық амалдар орындау;
 - ұзындық (мм, см, дм, м, км) / масса (мг, г, кг, ц, т) / көлем (сыйымдылық) (л, мм³, см³, дм³, м³) / аудан (см², дм², м², ар, га) / уақыт (с, мин, сағ, тәул.) мәндерін олардың арасындағы қатынасқа негізделген өлшем бірліктеріне түрлендіру
- 8 «Бөлшектер. Пайыздар»
- үлесінің қалыптасуын көрсету, оларды оқу, жазу, салыстыру;
 - жай бөлшектерді оқу, жазу, анықтылақты пайдалана отырып, бөлгіштері бірдей бөлшектерді салыстыру;
 - санның/мәннің үлесін және оның үлесі бойынша санның/мәнді табыңыз: 100 және жүздіктер ішіндегі сандардың жартысы, төртінші, оннан бір бөлігі;
 - дұрыс, бұрыс бөлшектерді, аралас сандарды ажырату;
 - аралас санды бұрыс бөлшекке, бұрыс бөлшекті аралас санға айналдыру;
 - уақыт бірліктерінің үлестерін анықтау ($1/60$ сағат = 1 минут, $1/2$ сағат = 30 минут, $1/7$ апта = 1 күн);
 - бөлгіштері бірдей жай бөлшектерді Сандарды қосу және азайтуды орындау;
 - алымдары бірдей немесе бөлгіштері бірдей жай бөлшектерді салыстыру, сан түзуінде салыстыру;
 - Бөлгіштері бірдей жай бөлшектері бар өрнектердің мәндерін салыстыру;
 - үшін пайдаланыңыз: пайыздық таңба % (10%, 20%, 25%, 50%, 75%, 100%) / бұрыш белгісінің градус өлшемі °
- 9 «Есептер»
- 10 000 теңгелік, 20 000 теңгелік банкноттарды және басқа мемлекеттердің валюталарын (рубль, еуро және доллар) ажырату және олармен әртүрлі операцияларды орындау;
 - есептерді шешуде шамалар арасындағы байланысты қолдану: өнімділік, жұмысқа жұмсалған уақыт, атқарылған жұмыс/шығыс, аудан, дақыл салмағы/жылдамдық, уақыт, қашықтық;
 - талдау және есептер шығару: шамалар арасындағы байланыс / пропорционалды бөлу / белгісізді екі айырма арқылы табу;
 - әртүрлі типті құрама есептер құрастыру, салыстыру, шешу;
 - артқа және артқа жылжу есебінің арифметикалық және алгебралық әдістерін шешу;
- 1 Математикалық
0 модельдеу
- тапсырманы кесте, жол/баған диаграмма, диаграмма, қысқаша жазба түрінде 2-3 қадаммен модельдеу;
 - тапсырманы сызба, алгоритм, дөңгелек диаграмма, график түрінде модельдеу;
- 1 «Геометриялық
1 фигуралар және олардың классификациясы»
- геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, полисызық, тұйық және ашық түзу, кесінді, сәуле, бұрышты тану және атау;
 - жалпақ фигураларды (үшбұрыш, шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш)/кеңістіктік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида) ажырату және оларды қоршаған дүние объектілерімен корреляциялау;
 - бұрыштардың түрлерін (тік, сүйір, доғал) тану және атау / тік төртбұрыштың, шаршының, тікбұрышты үшбұрыштың маңызды белгілерін анықтау;
 - көпбұрыштарды жіктеу;
 - шеңберді, шеңберді және олардың элементтерін (центрі, радиусы, диаметрі) тану және атау / симметриялы және асимметриялық жалпақ фигураларды ажырату және оларды қоршаған әлем объектілерімен корреляциялау;
 - геометриялық пішіндерді жіктеу;
 - суретте көрсетілген құрама фигуралардың периметрін, қоршаған дүниедегі жалпақ фигураларды анықтау;
 - тікбұрышты үшбұрышты, текшені, тікбұрышты параллелепипедті және олардың элементтерін (шыңдар, шеттер, беттер) тану және атау;
 - үшбұрыштарды жіктеу;

1 «Жиындар және 2 олармен орындалатын амалдар»	• тік бұрышты параллелепипедтің көлемін табу формуласын құрастыру және қолдану ($V=a \cdot b \cdot c$); • суретте көрсетілген біріктірілген фигуралардың ауданын, айналадағы жалпақ фигураларды анықтау; • симметриялы және симметриялы емес жалпақ фигураларды ажырату және оларды қоршаған әлем объектілерімен корреляциялау; • кеңістіктік геометриялық фигураларды атау, көлемді өлшеуге арналған өлшемдер мен құралдарды таңдау, текшелермен өлшеу (1 см^3) • жиынтықтарды элементтерінің белгілеріне қарай жіктеу (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, заттардың әрекеті); • бірдей сандар мен фигуралар бар жұмбақтарды, ребустарды, сәйкестік пен шындыққа арналған ең қарапайым логикалық тапсырмаларды шешу; • сандық есептерді, әртүрлі сандары бар жұмбақтарды, құюға және өлшеуге арналған логикалық тапсырмаларды зерттеу және шешу; • кестелер мен графиктерді құрастыру арқылы логикалық ойлауға есептер шығару; • жиындар арасындағы байланыстың сипатын анықтау (тең, қиылысатын және қиылыспайтын жиындар, ішкі жиын); • кеңістіктік ойлауды дамытуға арналған логикалық есептерді шешу; • комбинаторлық есептерді санау арқылы шешу.
---	--


Дереккөз: ҰТО деректері

Математикалық сауаттылық бойынша тапсырмалардың қиындық деңгейлері бойынша төртінші сынып оқушыларының жауаптарын талдау базалық және орташа қиындық деңгейлерінің тапсырмалары тапсырмаларды орындау үшін ең қиын екенін көрсетті. Дұрыс орындалған тапсырмалардың үлесі сәйкесінше 73,9% және 71,8% құрады.

Жоғары қиындық деңгейіндегі тапсырмалар екі тақырыптан тұрады: «Жиындар және олармен орындалатын амалдар» және «Математикалық модельдеу». Ақтөбе облысы бойынша осы қиындық деңгейіндегі орындалған тапсырмалардың үлесі тек 58,1% құрады (ҚР бойынша – 59,1%). Бұлар оқушылардың тапсырманы графикалық түрде бірнеше іс-әрекетте (кестелер, диаграммалар, схемалар, сызбалар, алгоритмдер және т. б.) модельдеуді, элементтерінің белгілері бойынша жиындарды жіктеуді, сандық, комбинаторлық есептер мен логикалық пайымдау, кеңістіктік ойлау есептерін зерттеуді және шешуді және т.б. талап ететін тапсырмаларды орындау кезінде айтарлықтай қиындықтарға кезігетінін көрсетеді.

Оқыту тілі бөлінісінде білім алушылардың нәтижелерін салыстыру қазақ тілінде оқитын оқушылардың орта (3,5%-ға) және жоғары (1,5%-ға) деңгейдегі тапсырмаларды жақсы орындайтынын, дегенмен бұдан әлдеқайда оңай базалық қиындық деңгейдегі тапсырмаларды орындауда қиналатындары байқалады (18-сурет).


18-сурет. Математикалық сауаттылықтан қиындық деңгейлері бойынша дұрыс орындалған тапсырмалардың оқыту тілі бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %



Дереккөз: ҰТО деректері

«Қала-ауыл» бөлінісінде қала мектептерінің оқушылары тапсырмалардың дұрыс орындалу үлесінің басымдығы байқалады. Мәселен, қалалық оқушылар арасында шешілген базалық қиындық деңгейіндегі тапсырмалардың үлесі ауыл мектептерінің оқушыларына қарағанда 0,9%-ға жоғары (19-сурет).

19-сурет. Математикалық сауаттылықтан қиындық деңгейлері бойынша мектептердің орналасу бөлінісіндегі сәтті орындалған тапсырмалардың үлесі, 4-сынып, %



Дереккөз: ҰТО деректері

Тақырыптар мен қиындық деңгейлері бойынша тапсырмаларды орындауды талдау базалық қиындық **деңгейінде** облыс бойынша ең жоғары нәтиже көрсеткіші «Сандарды қосу және азайту» тақырыбында тіркелгенін көрсетті.

Білім алушылар үшін ең қиын болған тапсырмалардың тақырыптарын атап өту керек: «Шамалар және өлшем бірліктері», «Көптаңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау». Орташа және жоғары қиындық деңгейіндегі тапсырмалармен салыстырғанда осы тақырыптар бойынша тапсырмалардың салыстырмалы жеңілдігіне қарамастан, олардың үштен бірінен астамын тестілеуге қатысушылар орындай алмады. Бұл мектеп оқушыларының математикалық операцияларды жасаудағы қиындықтары туралы айтады: көптаңбалы сандарды салыстыру / сандарды берілген разрядқа дейін дөңгелектеу, көптаңбалы сандардың разрядтық және сыныптық құрамын анықтау, жүздеген миллиондарды санау және салыстыру, әр түрлі сағаттар бойынша уақытты анықтау (сағат, минут, секунд), ақшалай операцияларды ажырату және жүргізу ұзындық, аудан және уақыт шамаларының мәндері бойынша арифметикалық әрекеттерді салыстыру және орындау.

Ақтөбе облысының аудандары/қалалары бөлінісінде «Көптаңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау» тақырыбы бойынша тест тапсырмаларын орындаудың ең жоғары көрсеткіштері Ырғыз ауданында (82,8%) тіркелді. Бұл ауданда орындалған тапсырмалардың үлесі көрсеткіштері ең төмен аудандарға (Хромтау) қарағанда 28%-дан жоғары.

Ырғыз және Байғанин аудандарында Байғанин ауданында «Сандарды қосу және азайту» және «Сандарды көбейту және бөлу» тақырыптары бойынша, Мәртөк ауданында «Шамалар және өлшем бірліктері» тақырыптары бойынша тапсырмалар орындалуының ең жоғары пайызы тіркелді.

«Көптаңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау» және «Шамалар және өлшем бірліктері» тақырыптары бойынша тапсырмаларды орындаудың ең төменгі көрсеткіштері Хромтау ауданында (54,1%, 49,7), «Сандарды қосу және азайту» және «Сандарды көбейту және бөлу» тақырыптары бойынша тапсырмаларды орындаудың ең төмен көрсеткіштері Темір ауданында (сәйкесінше 80% және 68%) байқалады (3-кесте).

3-кесте. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша базалық қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %

Аудан/қала	Базалық қиындық деңгейіндегі тапсырмалардың тақырыптары			
	«Көптаңбалы сандар нумерациясы және олармен амалдар орындау»	«Сандарды қосу және азайту»	«Сандарды көбейту және бөлу»	«Шамалар және өлшем бірліктері»
Ырғыз	▲ 82,8	▲ 96,6	75,9	51,7
Қобда	76,6	91,5	83,0	63,8
Мәртөк	67,9	92,4	84,7	▲ 77,9
Байғанин	54,9	▲ 95,1	▲ 85,4	67,1
Әйтеке би	66,7	89,3	82,8	66,7
Шалқар	66,5	92,4	80,2	64,5
Ақтөбе қ.	64,7	85,7	79,8	65,6
Мұғалжар	64,2	89,5	84,3	60,7
Алға	62,6	87,1	81,3	71,6
Темір	58,0	▼ 80,0	▼ 68,0	57,3
Хромтау	▼ 54,1	86,8	76,7	▼ 49,7
Өңір бойынша барлығы	64,1	87,0	79,9	64,7
ҚР	64,9	86,3	79,3	63,8

Дереккөз: ҰТО деректері

Орташа қиындық деңгейіндегі тапсырмалардың ішінде «Амалдардың орындалу тәртібі» және «Сандар және әріп өрнектер» тақырыптары барынша оңай орындалатын тапсырмалар болып шықты. Бұл ретте оқушылар осы тақырыптар бойынша әрбір төртінші тапсырманы орындай алмады (сәйкесінше 23,1% және 22,8%).

Геометриялық фигураларды, бұрыштардың, шеңберлердің түрлерін тану және жіктеу, суретте бейнеленген құрама фигуралардың периметрі мен ауданын, қоршаған әлемдегі жазық фигураларды, фигуралардың қоршаған орта заттарымен арақатынасын және т.б. анықтауға бағытталған «Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы» тақырыбы бойынша тапсырмаларды білім алушылар тапсырмалардың 66,5%-ы ғана дұрыс орындай алды.

Аудан/қала бөлінісінде барлық тақырыптар бойынша тест тапсырмаларын орындаудың ең жоғары және төмен үлестері арасындағы алшақтық 15%-34% шегінде өзгереді. Мысалы, «Бөлшектер мен пайыздар» тақырыбы бойынша ең жоғары көрсеткіш Ырғыз ауданында (89,7%) тіркелді, бұл Темір ауданында белгіленген ең төменгі көрсеткіштен 34,4%-ға жоғары.

Ырғыз ауданында «Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы» және «Амалдардың орындалу тәртібі», «Есептер»

тақырыптары бойынша, ал Қобда ауданында «Теңдік пен теңсіздік», «Сандық және әріптік өрнектер», «Теңдеулер» тақырыптары неғұрлым табысты нәтижелер көрсетілді.

Хромтау ауданында «Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы», «Есептер», «Теңдік пен теңсіздік. Теңдеулер» тақырыптары бойынша, ал Темір ауданында «Сандық және әріптік өрнектер», «Бөлшектер мен пайыздар» және «Амалдардың орындалу тәртібі» тақырыптары бойынша ең төменгі көрсеткіштер байқалады (4-кесте).

4-кесте. «Математикалық сауаттылық» бағыты бойынша орташа қиындық деңгейіндегі дұрыс орындалған тапсырмалардың тақырыптар бөлінісіндегі үлесі, 4-сынып, %

Аудан/қала	Орташа қиындық деңгейіндегі тапсырмалардың тақырыптары					
	«Амалдардың орындалу тәртібі»	«Сандар және әріп өрнектер	«Бөлшектер және пайыздар»	«Теңдік пен теңсіздік. теңдеулер»	«Есептер»	«Геометриялық фигуралар және олардың классификациясы»
Ырғыз	▲ 93,1	86,2	▲ 89,7	72,4	▲ 89,7	▲ 86,2
Әйтеке би	85,0	79,6	82,8	78,5	75,3	79,6
Мәртөк	84,0	78,6	76,3	78,6	75,6	74,1
Шалқар	81,2	86,8	78,2	78,2	75,6	76,1
Қобда	76,6	▲87,2	70,2	▲78,7	▼ 57,5	74,5
Алға	79,4	79,4	74,2	65,2	66,5	69,7
Ақтөбе қ.	76,8	76,7	68,1	73,1	67,9	65,4
Мұғалжар	76,0	77,7	67,3	74,7	73,8	64,2
Байғанин	74,4	81,7	65,9	73,2	68,3	73,2
Хромтау	69,8	73,0	61,0	▼62,9	59,1	▼ 52,8
Темір	▼ 66,0	▼63,3	▼ 55,3	68,0	58,7	58,7
Өңір бойынша барлығы	76,9	77,2	68,9	72,9	68,5	66,5
ҚР	76,2	76,3	68,2	74	67,8	65,4

Дереккөз: ҰТО деректері

